2026-2028 жылдарға арналған Қостанай облысының Азаматтық бюджеті

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеттің жобасын әзірлеу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес, 2026-2028 жылдарға арналған ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік параметрлерінің болжамы және Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларының негізінде жүзеге асырылады.

Республикалық және облыстық бюджеттердің арасындағы өзара қатынастар «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы № 238-VIII Заңында белгіленген.

Осы Заңға сәйкес республикалық бюджеттен облыстық бюджетке берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі 2026 жылға 350 622 666 мың теңге сомасында, 2027 жылға 423 776 995 мың теңге сомасында, 2028 жылға 444 515 662 мың теңге сомасында белгіленді.

Өз кезегінде үш жылға арналған облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттердің арасындағы бюджетаралық қатынастар «Қостанай облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеті мен аудандар (облыстық маңыздағы қалалар) бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы» Қостанай облыстық мәслихатының 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 267 шешімімен бекітілді.

«Қостанай облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» Қостанай облыстық мәслихатының шешімі облыстық мәслихаттың 2025 жылғы 18 желтоқсандағы № 266 сессиясында бекітілді.

1 - кесте

Облыстың 2028 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	Жоспар 2025 жыл	Болжам*		
		2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), млрд. теңге	6 081,0	7 214,4	8 285,9	9 675,9
Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың теңге	7 384,1	8 782,0	10 086,3	11 778,4
Орташа жылдық ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге	46 228	50 851	55 173	59 035
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,5	4,8	4,8	4,8
Айлық есептік көрсеткіш (АЕК), теңге	3 932	4 325	4 693	5 022
Еңбекақының ең төменгі мөлшері, теңге	85 000	85 000	85 000	85 000
Ең төменгі зейнетақы мөлшері, теңге	62 771	69 049	74 919	80 164

2-кесте

Облыстық бюджеттің 2026-2028 жылдарға арналған негізгі параметрлері

млн. теңге

Атауы	2025 жыл	2026 жыл	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Түсімдер	**578 518,9**	**633 126,7**	**700 428,2**	**716 201,0**
Кірістер, оның ішінде:	**519 816,8**	**544 937,9**	**652 802,2**	**694 880,5**
Салықтық түсімдер	29 659,9	50 485,6	91 240,2	92 876,4
Салықтық емес түсімдер	8 417,6	13 685,4	5 980,8	3 880,9
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	47,0	74,2	79,0	83,8
Арнаулы түсімдер	0,0	8 497,5	9 049,8	9 592,8
Трансферттердің түсімдері	481 692,3	472 195,2	546 452,4	588 446,6
Бюджеттік кредиттерді өтеу	**9 530,0**	**20 074,8**	**15 473,7**	**8 014,1**
Қарыздар түсімі	**39 657,2**	**58 598,1**	**32 152,3**	**13 306,4**
Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	**0,0**	**0,0**	**0,0**	**0,0**
Бюджет қаражаттардың қалдықтары	**9 514,9**	**9 515,9**	**0,0**	**0,0**
Шығыстар	**578 518,9**	**633 126,7**	**700 428,2**	**716 201,0**
Шығындар, оның ішінде:	**526 337,5**	**552 530,3**	**645 129,9**	**687 354,0**
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 278,3	6 309,4	6 137,8	5 769,5
Қорғаныс	2 792,1	2 159,5	7 373,0	7 603,5
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	19 006,4	22 400,8	28 695,8	27 781,6
Білім	229 870,9	235 102,7	225 451,8	227 141,0
Денсаулық сақтау	17 415,8	22 284,0	62 221,7	84 458,2
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету	19 499,1	21 349,9	20 003,0	20 671,6
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	33 438,0	19 733,8	58 639,3	47 846,5
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	25 975,7	31 087,1	39 173,3	15 570,6
Отын-энергетикалық кешен және жер қойнауын пайдалану	2 868,2	180,6	17 929,0	20 406,1
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, айрықша қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары	56 484,6	105 375,2	107 264,3	109 109,3
Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	31 902,8	29 309,8	19 484,0	9 020,1
Көлік және коммуникация	59 395,2	29 789,5	32 980,5	88 047,2
Басқалары	9 110,8	6 143,6	8 233,9	13 080,6
Борышына қызмет көрсету	2 647,3	4 601,0	2 653,7	2 612,3
Трансферттер	9 652,4	16 703,4	8 888,8	8 235,9
Қаржы активтерін сатып алу	**1 473,3**	**1 937,3**	**3 465,8**	**13 306,4**
Қарыздарды өтеу	**9 080,0**	**20 018,6**	**19 680,2**	**7 418,7**
Бюджетные кредиты	**41 628,1**	**58 640,5**	**32 152,3**	**8 121,9**

Түсімдер

Облыстық бюджетке әлеуметтік салық бойынша 100% үлесте тарату нормативтерін ескере отырып, үшжылдық кезеңге түсімдердің құрамында кірістердің болжамы қалыптастырылған.

Нәтижесінде **2026 жылға** арналған облыстық бюджет кірістері болжамы (трансферттер түсімін есептемегенде) **72 742,7 млн. теңге** сомасында анықталды.

2027 жылға арналған облыстық бюджет кірістерінің болжамы (трансферттердің түсуін есептемегенде) **106 349,8 млн. теңге** сомасында белгіленді.

2028 жылға арналған облыстық бюджет кірістерінің болжамы (трансферттердің түсуін есептемегенде) **106 433,8 млн. теңге** сомасында белгіленді.

3-кесте

Бюджеттік алымдар

млн. теңге

Атауы	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Барлығы	**99 841,2**	**103 478,4**	**121 681,1**	**143 931,0**
Алтынсарин				179,5
Әулиекөл		291,1	831,8	1 542,6
Беимбет Майлин	1 899,6	1 859,9	2 415,5	2 999,1
Денисов			129,3	377,7
Жітіқара	1 834,8	1 164,8	1 578,5	2 078,5
Қарабалық	216,1	447,5	820,8	1 290,5
Қарасу	346,5	807,7	1 075,1	1 732,9
Қостанай	4 616,3	5 035,2	5 724,3	6 511,3
Сарыкөл			25,5	242,7
Федоров	897,8	690,6	981,2	1 348,8
Қостанай қ.	56 306,4	67 049,7	77 862,6	90 632,9
Лисаков қ.	3 448,7	2 849,3	3 464,8	4 194,1
Рудный қ.	30 274,9	23 282,5	26 771,7	30 800,4

Субвенциялар (облыстық бюджеттен аудандар мен Арқалық қалалар бюджеттеріне берілетін бюджеттік қаражаттар) 2026-2028 жылдарға **7 554,0 млн. теңгені**, **7 023,7 млн. теңгені** және тиісінше **6 370,8 млн. теңгені** құрайды.

4-кесте

Субвенциялар

млн. теңге

Атауы	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Барлығы	**4 607,8**	**7 554,0**	**7 023,7**	**6 370,8**
Алтынсарин	210,9	145,0	3,7	
Аманкелді	667,2	1 164,3	1 144,8	1 106,7
Әулиекөл	223,9			
Денисов	227,5	67,3		
Жангелдин	1 140,0	1 564,1	1 585,4	1 590,5
Қамысты	112,1	286,7	403,3	225,9
Меңдіқара	201,0	808,1	675,5	495,8
Науырзым	878,7	1 037,1	1 010,9	960,6
Сарыкөл	386,6	141,3		
Ұзынкөл	70,2	818,4	748,0	648,2
Арқалық қ.	489,7	1 521,7	1 452,1	1 343,1

Шығыстар

1-график

Салалар бойынша облыстық бюджеттің шығыстары:

2025 жыл



2026 жыл

2027 жыл



2028 жыл



Әлеуметтік блок (әлеуметтік сала)

Әлеуметтік блок шығыстары өзіне мыналарды қамтиды: білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік.

Жалпы әлеуметтік салаға арналған облыстық бюджет шығыстары 2026 жылы – **309 823,7 млн. теңгені**, 2027 жылы – **346 849,8 млн. теңгені**, 2028 жылы – **347 841,4 млн. теңгені** құрайды.

2-график

Әлеуметтік салаға арналған облыстық бюджет шығыстары

2025 жыл

2026 жыл



2027 жыл



2028 жыл



Әлеуметтік салада азаматтардың әл-ауқатын жоғарылатуға бағытталған бұрын қабылданған барлық әлеуметтік міндеттерді орындау негізгі басымдық болып табылады.

Білім

Облыстық бюджетте үш жылдық кезеңге арналған білім шығыстарына **687 695,5 млн. теңге**, (*оның ішінде 2026 жылы – 235 102,7 млн. теңге,*

2027 жылы – 225 451,8 млн. теңге, 2028 жылы – 227 141,0 млн. теңге сомасында қаражаттар қарастырылған).

5-кесте

2026-2028 жылдарға арналған шығыстар

млн.теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**229 870,9**	**235 102,7**	**225 451,8**	**227 141,0**
Мектепалды тәрбиелеу мен оқыту	31 396,5	31 762,6	31 447,2	32 046,0
Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	161 595,9	160 239,9	149 709,5	150 840,1
Техникалық, кәсіби және орта білімнен кейінгі білім беру	23 114,0	28 211,3	32 887,7	33 646,8
Мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру	5,0	106,6	7,0	7,4
Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім	478,7	526,4	303,8	77,0
Білім саласындағы өзге де қызметтер	13 280,8	14 255,9	11 096,6	10 523,7

Денсаулық сақтау

2026-2028 жылдары денсаулық сақтау іс-шараларын іске асыруға облыстық бюджеттен **168 963,8 млн. теңге**, (*оның ішінде 2026 жылы – 22 284,0 млн. теңге, 2027 жылы – 62 221,6 млн. теңге, 2028 жылы – 84 458,2 млн. теңге сомасында қаражат қарастырылған).*

6-кесте

Денсаулық сақтау іс-шараларын іске асыруға арналған шығыстары

млн.теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**17 415,8**	**22 284,0**	**62 221,6**	**84 458,2**
Халықтың денсаулығын қорғау	4 871,6	6 326,6	38 669,0	62 194,9
Мамандандырылған медициналық көмек	1 430,6	1 247,2	3 220,2	3 402,5
Емхана	419,5	257,8	486,2	512,5
Медициналық көмектің басқа түрлері	175,0	184,7	189,6	194,2
Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	10 519,1	14 267,7	19 656,6	18 154,1

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету

Қазақстанның барлық азаматтарын әлеуметтік қолдау және өмір сапасы мен деңгейін жақсарту –мемлекет саясатының маңызды міндеті.

Жалпы әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамтамасыз етуге 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджетте **62 024,5 млн. теңге** *(2026 жылы – 21 349,9 млн. теңге, 2027 жылы – 20 003,0 млн. теңге, 2028 жылы – 20 671,6 млн. теңге)* қарастырылды.

7-кесте

Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды іске асыруға арналған шығыстар

млн. теңге

Іс-шаралар атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**19 499,1**	**21 349,9**	**20 003,0**	**20 671,6**
Әлеуметтік қамтамасыз ету	12 123,1	13 731,3	13 799,2	14 099,8
Әлеуметтік көмек	4 614,4	5 164,8	4 995,0	5 388,9
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы өзге де қызметтер	2 761,6	2 453,8	1 208,8	1 182,9

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік

Облыстық бюджетте үш жылдық кезеңге арналған мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығыстарына **85 831,1 млн. теңге**, *(оның ішінде 2026 жылы – 31 087,1 млн. теңге, 2027 жылы – 39 173,3 млн. теңге, 2028 жылы – 15 570,7 млн. теңге)* сомасында қаражат қарастырылды.

8-кесте

2026-2028 жылдарға арналған шығыстар

млн. теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**25 975,7**	**31 087,1**	**39 173,3**	**15 570,7**
Мәдениет саласындағы қызмет	7 436,4	5 851,3	4 205,7	4 261,0
Спорт	14 721,2	20 822,9	31 199,8	7 440,7
Ақпараттық кеңістік	3 144,6	3 844,0	3 293,3	3 381,4
Туризм	110,7	99,8	19,0	19,3
Мәдениетті, спортты, туризмді және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру бойынша өзге де қызметтері	562,8	469,1	455,5	468,3

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында үш жылдық кезеңге **217 465,9 млн теңге**, (*оның ішінде 2026 жылы – 46 889,6 млн теңге, 2027 жылы – 101 700,9 млн теңге, 2028 жылы – 68 875,4 млн теңге)* қарастырылды.

9-кесте

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың 2026-2028 жылдарға арналған шығыстары

млн .теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
БАРЛЫҒЫ	**59 078,7**	**46 889,6**	**101 700,9**	**68 875,4**
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	**56 210,5**	**46 709,0**	**83 772,0**	**48 469,4**
Тұрғын үй шаруашылығы	***33 864,6***	***33 975,6***	***42 049,8***	***12 645,3***
Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру	12 162,1	11 074,0	24 419,9	11 446,0
Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін қайта жаңғырту және (немесе) салу	11 349,1	17 057,3	10 352,2	881,7
Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және (немесе) жайластыру	10 353,4	5 844,3	7 277,7	317,6
Коммуналдық шаруашылық	**22 345,9**	**12 733,4**	**41 722,2**	**35 824,1**
Елді мекендерді газдандыру	1 249,1	425,2	2 769,4	5 719,4
Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	5 143,1	2 991,5	13 855,3	21 565,8
Ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	15 953,7	2 193,7	20 626,9	6 678,4
Коммуналдық шаруашылықты дамыту үшін несие беру	0,0	7 123,0	4 470,6	1 860,5
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	**2 868,2**	**180,6**	**17 928,9**	**20 406,0**
Отын және энергетика	**626,9**	**120,3**	**17 554,3**	**17 135,1**
Жылуэнергетикалық жүйені дамыту	626,9	120,3	17 554,3	17 135,1
Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	**2 241,3**	**60,3**	**374,6**	**3 270,9**
Газ тасымалдау жүйесін дамыту	2 241,3	60,3	374,6	3 270,9

Тұрғын үй құрылысы саласындағы инвестициялық саясаттың негізгі мақсаты халықтың бірқатарын тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ету проблемаларын кешенді шешу болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін 2026-2028 жылдарға құнды қағаздарды шығару есебінен 2026 жылы **11 074,0 млн теңге**, 2027 жылы **24 419,9 млн теңге,** 2028 жылы **11 446,0 млн теңге** сомасына кредиттік тұрғын үйлер салу жоспарланған.

Салынып жатқан тұрғын үйді уақытында пайдалануға беру үшін тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым болуы қажет.

2026-2028 жылдары инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жайластыруға және дамытуға облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер түрінде **13 439,6 млн теңге** *(оның ішінде 2026 жылы – 5 844,3 млн теңге, 2027 жылы – 7 277,7 млн теңге, 2028 жылы – 317,6 млн теңге)* бөлінді.

2026-2028 жылдары елді мекендерді газдандыруға және газ-көлік жүйесін дамытуға республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен

12 619,8 млн теңге *(оның ішінде 2026 жылы – 485,5 млн теңге, 2027 жылы – 3 144,0 млн теңге, 2028 жылы – 8 990,3 млн теңге)* бағытталатын болады.

Сонымен қатар облыстық бюджеттің қаражаты есебінен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінің дамуына нысаналы трансферттер түрінде мынаған берілетін болады:

- сумен жабдықтау, су бұру жүйесін дамытуға **67 911,6 млн теңге**, оның ішінде ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау жүйесін дамытуға **29 499,0 млн теңге** бағытталып отыр.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары

Осы функционалдық топ шеңберіндегі іс-шараларды іске асыруға үш жылдық кезеңге **340 032,3 млн. теңге** көзделген *(оның ішінде 2026 жылға –* 123 658,7 *млн. теңге, 2027 жылға –* 107 264,3 *млн. теңге, 2028 жылға – 109 109,3 млн. теңге).*

10-кесте
млн. теңге

Іс-шаралар атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**79 412,0**	**123 658,7**	**107 264,3**	**109 109,3**
Ауыл шаруашылығы	66 738,0	111 696,0	98 405,3	100 728,6
Су шаруашылығы	44,6	171,4	320,9	246,0
Орман шаруашылығы	6 228,6	7 945,9	7 268,4	7 209,4
Қоршаған ортаны қорғау	2 647,0	937,9	777,5	429,2
Ауыл, су, орман, балық шаруашылықтары, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары салаларындағы басқа қызметтер	3 746,4	2 884,8	492,2	496,1
Балық шаруашылығы	7,4	22,6	0,0	0,0

«Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық топ бойынша шығындардың жалпы көлемінде ең көп үлесін ауыл шаруашылығ саласында іс-шараларды іске асыруға арналған шығындар алып жатыр – **90,3%** немесе **111 696,0 млн. теңге.**

Еңбек өнімділігін және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын ұлғайту және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету арқылы салаларының бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешен құру мақсатында мемлекеттің 2026 жылы ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауы келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

11-кесте

Ауыл шаруашылығы бойынша субсидиялар

млн теңге

Іс-шаралар атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
1	2	3	4	5
Шығыстардың барлығы:	**41 200,0**	**85 138,0**	**94 889,6**	**97 282,2**
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау	5 700,0	10 775,2	13 396,8	13 518,5
Тұқым шаруашылығын қолдау	2 662,9	3 613,9	5 545,9	5 716,5
Пестицидтерді (ядохимикаттарды) зарарсыздандыру	0,05	0,0	0,6	0,7
Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберіндегі субсидиялау	0,0	33,8	1 000,0	1 200,0
Зияндылығы экономикалық шектен жоғары санмен зиян және аса қауіпті зиянды организмдерден өңдеуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын және карантиндік нысандарды субсидиялау	4 702,7	14 500,0	25 250,0	25 351,2
Тұқымдық және көшет материалының сұрыптық және себу сапасын анықтау	238,8	198,7	210,6	223,2
Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу	32,1	22,5	8,7	9,3
Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу	14 793,8	23 046,9	23 680,1	13 869,8
Тыңайтқыштардың құнын субсидиялау (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда)	3 085,0	11 100,0	16 900,0	17 136,0
Ауыл шаруашылығы малын, техникасын және технологиялық жабдық сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	8 095,4	19 412,2	5 639,1	16 964,9
Мал шаруашылығы саласында өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау	700,0	700,0	735,0	765,4
Басым мәдениеттерді өндіруді субсидиялау	1 189,3	1 700,0	2 322,8	2 326,8
Суарудың су үнемдейтін технологияларын енгізуге бағытталған инвестициялық салымдары кезінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері шеккен шығыстардың бөлігін субсидиялау	0,0	35,0	200,0	200,0

Орманның қорғалуына, сақталуына, өсірілуіне, жануарлар дүниесінің қорғалуына және балық шаруашылығы субъектісі шығыстарының бөлігін өтеуге инвестициялық салымдармен **7 806,8 млн теңге** бағытталатын болады.

Көлік және коммуникациялар

Көлік және коммуникациялар саласындағы облыстық бюджет шығыстары 2026-2028 жылдары **150 817,2 млн. теңгені** құрайтын болады және облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының және елді мекендер көшелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға бағдарланатын болады.

12-кесте

Көлік және коммуникация саласындағы 2026-2028 жылдарға арналған шығыстар көлемі

млн. теңге

Іс-шаралар атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**59 395,1**	**29 789,5**	**32 980,5**	**88 047,2**
Автомобиль көлігі	12 115,5	5 380,1	12 663,5	25 864,4
Көлік және коммуникациялар саласында басқа қызметтер	47 150,7	10 607,4	20 317,0	62 182,8
Әуе көлігі	128,9	13 801,9	0,0	0,0

Жол жүру қауіпсіздігін арттыру және автомобиль жолдарын нормативтік жағдайға жеткізу мақсатында 2026 жылы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекендегі көшелерді орташа және ағымадығы жөндеуге **11 437,2 млн теңге** қарастырылды.

Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) автомобиль қатынасы бойынша облыстық бюджетте жолаушы тасымалдауын субсидиялауға **268,5 млн теңге** қарастырылды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға

Облыстық бюджетте мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде мемлекеттік міндеттемелерді орындауға 2026-2027 жылдары бір жоба бойынша – **336,0 млн. теңге** көзделген *(оның ішінде 2026 жылға* – 168,0 *млн. теңге, 2027 жылға* – 168,0 *млн. теңге)*.

13-кесте

млн. теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл жоспар	Болжам*	
			2027 жыл	2028 жыл
Шығыстардың барлығы:	**504,2**	**168,0**	**168,0**	**0,0**
Облыстың білім басқармасы	504,2	168,0	168,0	0,0